

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Қазақстандағы банк секторын цифрландыру соңғы жылдары үкімет пен қаржы институттарының басты назарында болды. Ел тиімдірек, инновациялық және тұтынушыға бағытталған қаржы жүйесін құруға бағытталған сандық қызметтер мен бастамалар кешенін енгізу арқылы бұл салада айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
<https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm?lang=kk>
2. ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/index/docs/dt=2022->
3. ҚР Ұлттық банкінің статистикасы <https://www.nationalbank.kz/ru>
4. Forbes Қазақстан https://forbes.kz/process/tsifrovizatsiya_soglyadkoy/
5. Капитал центр деловой информации <https://kapital.kz/tehnology/109242/tsifrovizatsiya-pozvolayayet-uskorit-protsessy-polucheniya-zaymov-v-otbasy-banke.html>

УДК 33.336.02

КАМЕРАЛДЫҚ ТЕКСЕРУ САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Орманова Алина Сламединқызы
lion16015@gmail.com

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің, мемлекеттік қаржы мамындығы бойынша білім алушы, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- э.ғ.к., аға оқытушы
Ажмухамедова А.А

Салықтық тексерулер әрқашан салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы басты кедергі болып табылады, және дәл осы мәселелер салықтық және сот дауларының ең көп санын тудырады, ал оларды шешімі тексерудің сапасы мен нәтижелері тікелей байланысты болады. Сондықтан жүргізілетін тексерулердің механизіміне шолу және оны түсіну салықтық бақылауды толық иегеруге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Тексеру жүргізу мақсаттары және олардың кезеңділігі:

Салық кодексіне сәйкес салықтық тексерулер құжаттық, рейдтік және хронометраждық болып бөлінеді [1].

Камералдық тексеруге "кезеңділік" ұғымы қолданылмайды, өйткені мәні бойынша камералдық тексеру салық заңнамасының орындалуын бақылау болып табылады және мұндай бақылау үздіксіз жүргізіледі. Камералдық тексеру орташа жылдық табыс, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық, жергілікті салық декларациялары туралы декларациялардың есептік деректерін өзара байланыстыру және құжаттамалық тексеру кезінде анықталған деректерді пайдалану үшін сәйкессіздіктерді анықтау, арифметикалық әрекеттерді тексеру үшін жүзеге асырылады. Камералдық тексерудің міндетті шарты салық төлеушінің барлық тексерілетін кезеңдегі жеке шоттары бойынша барлық жазбалардың дұрыстығын тексеру болып табылады.

Камералдық тексеру дегеніміз- салық төлеуші ұсынған салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау болып табылады [2].

Қазіргі уақытта камералдық тексеру салықтық бақылаудың негізгі түрлерінің бірі болып табылады, себебі салық төлеушілердің өсіп келе жатқан саны барлық салық төлеушілерді арнайы салықтық тексерулермен 100% қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді, ал камералдық салықтық тексеру нәтижелері бойынша көптеген салық төлеушілер салықтық бақылау жүргізу мақсатында салық органдарының назарына арнайы салықтық тексеру арқылы түседі, бұл жағдайда камералдық салықтық тексеру шеңберінде анықталған "әлсіз жақтар" және салық төлеушінің есептілігіндегі деректердің сәйкес келмеуі арнайы тексеру объектісіне айналады.

Камералдық бақылаудың мақсатына тоқталатын болсақ- салық төлеушіге салық органдарында тіркеу есебіне қою және (немесе) салық есептілігін ұсыну және (немесе) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу арқылы камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру болып табылады [3], яғни камералдық бақылау арнайы тексерулерді алдын алады десек те болады, себебі камералдық бақылаудан кейін салық төлеуші анықталған бұзушылықтар негізінде жөндеу жұмыстарын жасау мүмкіндігіне ие болады, бұл жағдайға біз әлі де тоқталамыз, ең бірірінші камералдық бақылаудың негізгі элементтеріне тоқталған жөн.

Камералдық бақылау қандай мерзімде және қандай құжаттар негізінде жүзеге асырылады?

Тексеру жүргізу мерзімдері:

- 30 күн - салықтық тексеруді жүргізудің стандартты мерзімі;
- 50 күн - аса күрделі мәселелер болған кезде салықтық тексеру жүргізу мерзімі;
- 60 күн - құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғаға салықтық тексеру жүргізу мерзімі;
- 80 күн - салық төлеушіге тапсырылатын жоғары тұрған салық қызметі органының негізделген жазбаша шешімімен расталған құрылымдық бөлімшелері және ерекше күрделілік мәселелері бар заңды тұлғаға салықтық тексеру жүргізу мерзімі [1].

Алайда, іс жүзінде салық қызметінің орындаушылар Салық кодексінің 535-бабының 4-тармағын басшылыққа ала отырып, жоғарыда аталған мерзімдерді келесі аталған жағдайлар орын алғанда ұзартуға мүмкіндік береді:

- салықтық тексеруді жүргізу мерзімінің өтуі салық төлеушіге салық органының құжаттарды табыс ету және салық төлеушінің салықтық тексеруді жүргізу кезінде сұратылатын құжаттарды ұсынуы туралы талаптарын тапсырған сәттері арасындағы уақыт кезеңдеріне, сондай-ақ салық органының сұрау салуы бойынша мәліметтер мен құжаттарды алған сәтке тоқтатыла тұрады;

- салықтық тексеру мерзімінің өтуі халықаралық келісімдерге сәйкес салық қызметі органдарының ақпарат беру туралы сұрау салуды шет мемлекеттерге жіберген және ол бойынша мәліметтер алған сәттері арасындағы уақыт кезеңдеріне де тоқтатыла тұрады.

Жоғарыда айтылғандардан, салық инспекторы салықтық тексеруді жүргізу кезінде оған кезек-кезек бірқатар құжаттарды ұсынуды талап етуі мүмкін, нәтижесінде: іс жүзінде салықтық тексеру жалғасуда немесе ол заңды түрде тоқтатылды деп саналады.

Жоғарыда аталған шектеулер келесі жағдайларға қолданылмайтынын ескеру қажет:

1) заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруға немесе таратуға және дара кәсіпкердің қызметін тоқтатуға байланысты жүзеге асырылатын Құжаттамалық тексерулер жүргізу кезінде, сондай-ақ салық төлеушінің өтініші негізінде қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылған жағдайда, бұл кезде тексеру салық төлеушінің өтінішін алғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей басталуы тиіс;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты жүзеге асырылатын құжаттамалық тексерулер жүргізу кезінде;

3) қарсы тексерулер жүргізу кезінде;

4) қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығы мәніне салық төлеушінің өтініші негізінде жүргізілетін тақырыптық тексерулер жүргізу кезінде;

5) салық төлеушінің салықтық тексеру актісі бойынша хабарламаға шағымын қарайтын органның шешімі негізінде жүргізілетін қосымша тексерулер кезінде;

б) нақты салық төлеушіге қатысты уәкілетті мемлекеттік орган басшысының бұйрығына сәйкес, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүргізілетін кезектен тыс құжаттамалық тексерулер кезінде жүргізіледі [1].

Камералдық бақылау салық органдарында бар мынадай деректерді салыстыру арқылы жүргізіледі:

- салық есептілігі;

- салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы өзге де мемлекеттік органдардың мәліметтері;

- салық төлеушінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтер [4].

Камералдық бақылау Салық кодексінде белгіленген ағымдағы кезең үшін салық есептілігін табыс ету мерзімі өткеннен кейін тиісті салық кезеңі үшін жүргізіледі.

Камералдық бақылау нәтижесінде бұзушылықтар анықталған кезде не болады?

Салық кодексінің 96-бабында бұзушылықтар анықталған жағдайда камералдық бақылау нәтижелері бойынша ресімделеді:

- тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша- анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса бере отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама;

- тәуекел дәрежесі орташа бұзушылықтар бойынша- анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса бере отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама.

Жоғарыда айтылғандай камералдық бақылау салық төлеушілерге өз қателіктерін жоюға мүмкіндік береді, оларды түзету рәсіміне келетін болсақ:

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды салық төлеуші оны тапсырған (алған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Салық төлеушінің камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауы - хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда – салық төлеушінің анықталған бұзушылықтарды жоюы деп танылады, келесі уақытты ол:

- салық органдарында тіркеу есебіне қою процессіне қатысады;

- анықталған бұзушылықтар жататын салық кезеңі үшін хабарлама бойынша салық есептілігін ұсыну керек болады [2].

Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда- салық төлеушінің камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберген салық органына қағаз немесе электрондық жеткізгіште анықталған бұзушылықтар бойынша түсініктеме беруі міндетті болады.

Жоғарыда аталған талаптардың орындалмауы жағдайы орын алған кезде салық төлеушінің мемлекеттік кірістер органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамауы "әкімшілік бұзушылықтар туралы" ҚР Кодексіне сәйкес әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады, атап айтқанда:

1. Салық төлеушінің мемлекеттік кіріс органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамауы – ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Салық төлеуші кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланатын аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайлардан басқа) салықтық тексеруді жүргізетін мемлекеттік кіріс органының лауазымды адамының кіруіне заңсыз кедергі келтіру – қырық бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады[5].

Камералдық тексерістердің тиімділігін анықтау үшін Ақмола облысы мысалында 3 жылғы деректердің қорытындылары бойынша талдау жүргізілді.

1- кесте

Ақмола облысы бойынша камералдық тексерулер қорытындылары

Жылдар	Тексерістер саны	Бұзушылықтар сомасы (мың теңге)	Бұзушылықтарды жою туралы жіберілген хабарламалар	Жасалған шағымдар саны
2019	79 589	81 204 879,1	1 087	1 289
2020	81 153	89 207 445,8	1 184	1 473
2021	64 056	23 213 966,7	1 217	2 071

Ескерту: [6] дереккөзге сәйкес құрылған

1 кестедегі нәтижелерді салыстыра отырып 2021 жылғы тексерістер саны 2020 жылдан бері 21%- ға төмендеген, бұл 2019 бен 2020 жылдар арасындағы өзрегiстерге қарағанда едәуір төмендеген, бұны пандемия салдарына жасқызсақ қателеспейміз. 2020 жылғы жариаланған салықтық мараторийге қарасмастан қызмет көрсету секторы, сауда, қоғамдық тамақтану, көлік, ойын-сауық саласы қатты зардап шекті, нәтижесінде 2021 жылға дейін олардың саны азайды.

2021 жылдың өткен кезеңінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы барлығы 2071 шағым түсті. Бүгінгі күні 2051 шағым қаралды, оның ішінде 1466 (71%) шағым толық немесе ішінара қанағаттандырылды, 585 (29%) шағым бойынша өтініштерде көрсетілген дәлелдер расталмады және Департамент өтініштерді қанағаттандырудан бас тартылған болатын. 2021 жылғы ұйымдастырушылар мен тапсырыс берушілердің әрекеттеріне шағым жасаған жеке және заңды тұлғалардың үлесінің көбеуі камералдық тексерістердің бірден бір кемшілігін айқындайды- салық төлеуші бұзушылықтармен келіспеген кезде проблемалар туындайды. Бұл жағдайда оның түсініктеме бағыты мен хабарламаға шағымдану арасында таңдау мүмкіндігі бар [6].

Таңдауына қарамастан, салық төлеуші 30 жұмыс күнінен кешіктірмей әрекет етуі керек, әйтпесе оның банктік шоты бұғатталады.

Мұндай шешімді салық төлеуші алған кезде хабарлама қайтадан орындалмаған болып есептеледі. Сондықтан салық төлеушінің оған шағымдану мүмкіндігі бар.

Алайда, сотқа жүгіну тиімді болмауы мүмкін, өйткені сот шағымды салық органы хабарлама жасау және жіберу кезінде жіберген процедуралық бұзушылықтар шеңберінде ғана қарайды (яғни сот анықталған бұзушылықтарды мәні бойынша қарастырмайды). Егер салық органы процедуралық тұрғыдан дұрыс болса, онда сотта салық төлеушінің шағымын қанағаттандыруға негіз жоқ.

Нәтижесінде, егер түсініктеме беру және шағымдану жолдамасы нәтижесіз болып шықса, ал салық төлеуші өз шотын бұғаттауға жол бергісі келмесе, ол анықталған бұзушылықтарды олардың негізділігіне қарамастан жоюы тиіс. Немесе ол салық органдарының оған тексеріспен келуін күте алады (бұл, жоғарыда айтылғандай, жақын арада

болмауы мүмкін) және одан кейін оның нәтижелеріне дауласады. Алайда, салық төлеуші бұғатталған шотпен күтуі керек.

Бірақ жылдан жылған камералдық тексерістер үрдісі жетіліп келеді 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Салық кодексінде электрондық шот-фактураларды қолдану арқылы камералдық бақылау енгізілді.

2023 жылдан бастап ҚР ҰК 95 бабының 2 тармағы мынадай редакцияда жазылды:

«2. Камералдық бақылау шот-фактуралар электрондық нысанда жазып берілгеннен кейін және (немесе) осы Кодексте белгіленген осындай кезең үшін салық есептілігін табыс ету мерзімі өткеннен кейін тиісті салық кезеңі үшін жүргізіледі.».

Сондай ақ Салық кодексі жаңа баппен толықтырылады:

120-1-бап. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактуралардың жазылуын шектеу

1. Тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша салық органдары белгіленген мерзімде орындалмаған және (немесе) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалмаған деп танылған жағдайда электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактуралардың жазылуын шектеуді жүргізеді.

2. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактураларды жазып беруді шектеу белгіленген мерзімде орындалмаған және (немесе) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалмаған деп танылған күннен кейінгі күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша шектеу туралы шешім негізінде жүргізіледі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша шығарылған электрондық шот-фактуралардың үзінді көшірмелері.

3. Электрондық шот-фактураларды жазып беруді шектеу туралы шешім осы баптың 2-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде электрондық тәсілмен электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесіне, веб-қосымшаға, пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне жіберіледі.

4. Салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша шектеудің күшін жою туралы шешім шығару жолымен тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактуралардың жазылуын шектеудің күшін жоюды жүргізеді.

5. Салық төлеушінің электрондық шот-фактураларды жазып беруді шектеу туралы шешімге шағымдануы оның қолданылуын тоқтата тұрмайды.

Ұшқыштың жоғары тиімділігіне байланысты жалған ЭШФ анықталғаннан кейін салық төлеушіге ЭШФ деректерін қайтарып алуға немесе олардың дұрыстығын тиісті құжаттармен растауға мүмкіндік беру ұсынылады. Үзінді көшірменің дұрыстығы расталмаған жағдайда ЭШФ АЖ-ға қол жеткізуді шектеу қолданылады.

Бақылаудың осы түрін қолданған кезде хабарламаға жауап бермеген немесе тәуекелдерді басқару жүйесін талдау және қолдану үшін қажетті құжаттардың базалық тізбесін ұсынбаған салық төлеушілерге қатысты ғана банктік шоттар бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрады.

Сондай-ақ түзетулер бұзушылықтарды тәуекел дәрежесі бойынша саралауды қамтиды, мұнда орташа тәуекел дәрежесі бар бұзушылықпен келіспеген жағдайда түсініктемелер қабылдау және жоспардан тыс тексеруді тағайындау мүмкіндігі көзделеді.

Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру жөніндегі шаралар хабарламаға жауап бермеген және/немесе тәуекелдерді басқару жүйесін талдау және қолдану үшін қажетті құжаттардың базалық тізбесін ұсынбаған салық төлеушілерге қатысты ғана қолданылатын болады.

Бұл іс шаралар нәтижесінде шағымдар көлемін азайту және тексеріс үдерісін салық төлеушілер үшін жеңілдетуді көздейді және де жоғарыда айтылған шағымдардың қарастырылуының бірден бір міселесі шешіледі. Осы деректерге сүйене отырып камералдық тексері қазіргі кезде салықтық бақылаудың актуалды жолдарының бірі екенін айтсақ болады.

Пайданылған материалдар тізімі

1. Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 534-бабы.
2. Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 587-бабы.
4. Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 95-бабы.
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік бұзушылықтар туралы Кодексінің 288-бабы.
6. «Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-нің 2019, 2020, 2021 жылғы камералдық бақылау қорытындылары

ӘОК 336.63

АГРОҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫҚТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сарбасова Райхан Серікқызы

sraikhan_81@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты, Астана қаласы,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – э.ғ.д., профессор Нұрымов А.А.

Ауыл шаруашылығы кез-келген елдің экономикасында маңызды орынға ие. Бұл тек азық-түлік қауіпсіздігі, салықтардың түсімі ғана емес, сонымен қатар миллиондаған жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін сала. Сондықтан аталған саланың жұмысы мемлекет тарапынан реттелуі тиіс. Бұл ретте реттеуді қандай-да бір шектеулер қою емес, алдымен түрлі әдістер арқылы ауыл шаруашылығын ынталандыру ретінде қарастырған жөн.

Нарықтық экономика мемлекеттік реттеумен толықтырылған әлеуметтік бағдарланған экономика болып табылады. Ал қаржы нарықтық қатынастардың құрылымында да, оларды мемлекет тарапынан басқаруда да үлкен рөл атқарады, яғни нарықтың ажырамас бөлігі, мемлекеттік саясаттың маңызды құралы. Тұтастай алғанда елдің тиімді нарықтық экономикасын, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласын құрудағы ерекше рөл ең маңызды сегмент болып табылатын ауыл шаруашылығы қаржысына тиесілі.

Ауыл шаруашылығы қаржысы - жиынтық қоғамдық өнім мен ұлттық кірісті бөлуге және қайта бөлуге, пайда табу мақсатында аграрлық секторды дамыту үшін пайдаланылатын орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын құруға байланысты экономикалық қатынастар. [1]

Ауыл шаруашылығы саласындағы экономикалық қатынастар түрлі ұйымдық-құқықтық формада ұйымдастырылған кәсіпорындар арқылы атқырылады.